**"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 71 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 24 ақпандағы № 37 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 9 маусымда № 15210 болып тіркелді. Күші жойылды - Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 18 мамырдағы № 71 қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.05.2020 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы қаулының қолданысқа енгізілу 5-т. қараңыз

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 71 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11534 тіркелген, 2015 жылғы 15 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта:

4) және 5) тармақшалар алып тасталсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) осы қаулының 6-қосымшасына сәйкес "Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;";

7) және 8) тармақшалар алып тасталсын;

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18) осы қаулының 18-қосымшасына сәйкес "Кредиттік тарихтардың деректер базасын басқару жүйесін кредиттік бюроның өнеркәсіптік пайдалануына енгізу актісін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;";

20), 21), 22) және 23) тармақшалар алып тасталсын;

31), 32), 33) және 34) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"31) осы қаулының 31-қосымшасына сәйкес "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыруға немесе исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

32) осы қаулының 32-қосымшасына сәйкес "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

33) осы қаулының 33-қосымшасына сәйкес "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың жекелеген сыныптары болып табылатын міндетті сақтандырудың түрлеріне немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың жекелеген сыныптары болып табылатын міндетті сақтандырудың түрлері бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

34) осы қаулының 34-қосымшасына сәйкес "Қайта сақтандыру жөніндегі қызметке немесе исламдық қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;";

44) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"44) осы қаулының 44-қосымшасына сәйкес "Банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруына немесе сатып алуына және (немесе) банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың жарғылық капиталына қомақты қатысуына рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;";

48) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"48) осы қаулының 48-қосымшасына сәйкес "Кредиттік бюро қызметін жүзеге асыру құқығына рұқсат және кредиттік тарихтардың деректер базасын, пайдаланылатын ақпараттық жүйелерді қорғау және олардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі кредиттік бюроға және үй-жайларға қойылатын талаптарға кредиттік бюроның сәйкестігі туралы актіні беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;";

49), 55), 56), 57), 58) және 59) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 60) тармақшамен толықтырылсын:

"60) осы қаулының 60-қосымшасына сәйкес "Кредит тарихын қалыптастыру және оларды пайдалану жүйесіне қатысушыларға қойылатын талаптарға

сәйкестік туралы актіні беру (кредит тарихы субъектісін қоспағанда)" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты.";

көрсетілген қаулыға 1-қосымшаға сәйкес бекітілген "Валюталық операция туралы немесе шетелдік банкте банк шотын ашу туралы хабарламаны растау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.";

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдау және беру бойынша қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – қағаз жеткізгіштегі хабарлама куәлік.

Егер валюталық операцияға "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7701 тіркелген , "Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 154 қаулысына сәйкес хабарлау режимі қолданылмаса, көрсетілетін қызметті алушыға түсіндіру сипатындағы хат жіберіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынылған құжаттарды көрсетілетін қызметті алушының құжаттарды кері қайтару себептері көрсетілген еркін нысандағы жазбаша өтінішті беруі арқылы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 4-тармағының 1) тармақшасында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін кері қайтаруға жол беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының бір өтінішіне бірнеше хабарлама куәлікті ресімдеуге жол беріледі.";

7, 8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері Астана уақытымен сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында Астана уақытымен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру кестесі – Астана уақытымен сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен Астана уақытымен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет кезек күтпестен, көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ұсынылады.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті берушіге өтініш жасаған кезде көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының қосымшасына сәйкес валюталық операция туралы немесе шетелдік банкте банк шотын ашу туралы хабарламаны ұсынады.

Шет тілінде жасалған құжаттар мемлекеттік тілге немесе орыс тіліне аударылған аудармасымен ұсынылады.

Валюталық операцияларды жасау мән-жайларын нақтылау мақсатында көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушының валюталық операцияларды жүзеге асыруына негіз болатын валюта шартын көрсетілетін қызметті алушыдан талап етуіне жол беріледі.";

көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес Тіркеу куәлігін алуға өтініш/Валюталық операция туралы немесе шетелдік банкте банк шотын ашу туралы хабарлама осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 2-қосымшаға сәйкес бекітілген "Валюталық операцияны тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – қағаз жеткізгіштегі тіркеу куәлігі.

Егер валюталық операцияға "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7701 тіркелген , "Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 154 қаулысына сәйкес тіркеу режимі қолданылмаса, көрсетілетін қызметті алушыға түсіндіру сипатындағы хат жіберіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынылған құжаттарды көрсетілетін қызметті алушының құжаттарды кері қайтару себептері көрсетілген еркін нысандағы жазбаша өтінішті беруі арқылы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 4-тармағының 1) тармақшасында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін кері қайтаруға жол беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының бір өтінішіне бірнеше тіркеу куәлігін ресімдеуге жол беріледі.";

7, 8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері Астана уақытымен сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында Астана уақытымен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру кестесі – Астана уақытымен сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен Астана уақытымен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет кезек күтпестен, көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ұсынылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының қосымшасына сәйкес тіркеу куәлігін алуға өтініш;

2) валюта шартының тігілген және қол қойылған (жеке және заңды тұлғалар үшін) және мөрмен (ол болған кезде) куәландырылған (заңды тұлғалар үшін) көшірмесі;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (валюталық операцияны жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін);

4) валюта шарты бойынша міндеттемелердің туындауын, орындалуын және тоқтатылуын растайтын құжаттардың көшірмелері.

Шет тілінде жасалған құжаттар мемлекеттік тілдегі немесе орыс тіліндегі аудармасымен ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің ұсынылған құжаттарда сілтеме жасалған қосымша құжаттарды сұратуына жол беріледі.";

көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес Тіркеу куәлігін алуға өтініш/Валюталық операция туралы немесе шетелдік банкте банк шотын ашу туралы хабарлама осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 3-қосымшаға сәйкес бекітілген "Микроқаржылық ұйымдарды есептік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдау және беру бойынша қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды береді.";

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері Астана уақытымен сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында Астана уақытымен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру кестесі – Астана уақытымен сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен Астана уақытымен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін;

2) порталдікі – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Мемлекеттік қызмет кезек күтпестен, көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ұсынылады.";

9-тармақтың бірінші бөлігінің 5) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"5) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының құрылтайшысы ( қатысушысы) туралы өтініш берген күннің алдындағы күнгі жағдай бойынша мәліметтер;

6) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша атқарушы органның бірінші басшысы (мүшелері), бас бухгалтері (болған кезде) туралы өтініш берген күннің алдындағы күнгі жағдай бойынша мәліметтер;";

көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Өтініш осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Атқарушы органның бірінші басшысы (мүшелері), бас бухгалтері (болған кезде) туралы мәліметтер осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 6-қосымшаға сәйкес бекітілген "Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің басшы қызметкерлерін сайлауға (тағайындауға) келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 9-қосымшаға сәйкес бекітілген "Банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 10-қосымшаға сәйкес бекітілген "Сақтандыру холдингінің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 11-қосымшаға сәйкес бекітілген "Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 14-қосымшаға сәйкес бекітілген "Инвестициялық пай қорлары пайларының шығарылымын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.";

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдау және беру бойынша қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.";

8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін;";

9-тармақта:

бірінші бөлікте:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімі бар еркін нысанда жасалған өтініш;";

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) басқарушы компанияның жарғысына сәйкес оның директорлар кеңесі немесе акционерлерінің жалпы жиналысы (дауыс беретін барлық акцияларды иеленуші жалғыз акционері) бекіткен қор ережесі (екі дана);";

екінші бөліктің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) электрондық сұрау салуға қоса берілетін осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3) (құжаттардың PDF форматындағы электрондық көшірмелері түрінде), 4) және 5) тармақшаларында (электрондық құжаттар түрінде) көрсетілген құжаттар.
";

көрсетілген қаулыға 16-қосымшаға сәйкес бекітілген "Облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.";

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдау және беру бойынша қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.";

7, 8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру кестесі сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек күтпестен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ұсынылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) еркін нысанда жасалған, облигацияларды орналастыру қорытындысы туралы есепті қарау туралы өтініш;

2) есепті айдың соңындағы немесе облигацияларды орналастыруды аяқтау күніндегі жағдай бойынша қаржылық есептілік;

3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес Облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті жасауға және ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес жасалған және ресімделген облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есеп қағаз жеткізгіште, облигацияларды орналастыру кезеңі аяқталған күннен кейінгі күні тіркеуші берген облигация ұстаушылардың тізілімінің көшірмесімен бірге тігілген 2 (екі) дана қазақ және орыс тілінде және электрондық түрде PDF форматында қазақ және орыс тілінде 1 (бір) дана етіп жасалады;

4) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес тіркелген кепіл шартының болуын растайтын және ипотекалық және көрсетілетін қызметті алушы мүлігінің кепілімен қамтамасыз етілген басқа облигациялар шығарылған жағдайда жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы құжаттардың көшірмелері.

Құжаттарды қағаз жеткізгішпен берген кезде:

көрсетілетін қызметті алушының өтінішіне көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органының басшысы (не оның орнындағы адам) (жеке дара атқарушы орган) қол қояды және көрсетілетін қызметті алушы мөрінің (бар болса) бедерімен расталады;

егер әрбір ұсынылған құжат бір парақтан тұратын болса, онда оған көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органының (жеке-дара атқарушы

органның) басшысы, бас бухгалтері (не олардың орнындағы адамдардың) қол қояды және көрсетілетін қызметті алушы мөрінің (бар болса) бедерімен куәландырылады;

парақтары көп болған кезде әрбір ұсынылған құжат тігіледі және тігіс түйініне және ішінара параққа желімделген қағаз пломбамен бекітіледі. Көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органының (жеке-дара атқарушы органның) басшысының, бас бухгалтерінің (не олардың орнындағы адамдардың) қолдары және мөрінің (бар болса) бедері ішінара қағаз пломбаға, ішінара құжаттың парағына қойылады;

құжаттарда ескертілмеген түзетулер, сызып тастаулар, тазалаулар, түзетілген жерлер, қосымша жазулар (қосымша басулар) жасауға жол берілмейді. Түзету жасалған кезде сызып тасталған сөз анық оқылуға тиіс. Әрбір түзету (толықтыру) түсіндіріледі, мысалы: "түзетілген... дұрыс", "қосымша жазылған...дұрыс", " сызып тасталған...оқылмасын", құжатқа қол қойған адамдармен және эмитент мөрінің (бар болса) бедерімен расталады.";

көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес Облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті жасауға және ресімдеуге қойылатын талаптар осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 17-қосымшаға сәйкес бекітілген "Актуарийлерден біліктілік емтиханын қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 18-қосымшаға сәйкес бекітілген "Кредиттік бюроның пайдалануына кредиттік тарихтардың деректер базасын басқару жүйесін енгізу актісін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 19-қосымшаға сәйкес бекітілген "Инвестициялық пай қорларының пайларын орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.";

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдау және беру бойынша қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.";

7, 8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру кестесі сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек күтпестен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ұсынылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) еркін нысанда жасалған, инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру қорытындылары туралы есепті қарау туралы өтініш;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру қорытындылары туралы есепті жасауға және ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес жасалған және ресімделген, басқарушы компанияның инвестициялық пай қорының орналастырылған пайларын есепке алуға арналған жеке шотынан тіркеушінің есепті кезең аяқталған күннен кейінгі күні жасалған және электрондық түрде PDF форматында қазақ және орыс тілдерінде 1 (бір) данада ұсынылған үзінді-көшірмесінің көшірмелері (инвестициялық пай қорының меншікті пайлары туралы туралы мәліметтерді қоспағанда) қоса берілген инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру қорытындылары туралы есеп.

Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту үшін қағаз жеткізгішпен құжаттар беру кезінде:

инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының өтінішіне инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының атқарушы органының басшысы (не оның орнындағы адам) қол қояды және инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының мөр (бар болса) бедерімен расталады;

егер әрбір ұсынылған құжат бір парақтан тұратын болса, онда оған инвестициялық пай қорының активтерін жүзеге асыратын басқарушы компанияның құрылымдық бөлімшесінің басшысы, басқарушы компанияның бас бухгалтері (не олардың орнындағы адамдар) қол қояды және инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының мөр (бар болса) бедерімен расталады;

парақтары көп болған кезде әрбір ұсынылған құжат тігіледі және тігістің түйініне және ішінара параққа желімделген қағаз пломбамен бекітіледі. Инвестициялық пай қорының активтерін басқаруды жүзеге асыратын басқарушы компанияның құрылымдық бөлімшесі басшысының, басқарушы компанияның бас бухгалтерінің (не олардың орнындағы адамдардың) қолдары және басқарушы

компанияның мөр (бар болса) бедері ішінара қағаз пломбаға, ішінара құжаттың парағына қойылады;

құжаттарда ескертілмеген түзетулер, сызып тастаулар, тазалаулар, түзетілген жерлер, қосымша жазулар (қосымша басулар) жасауға жол берілмейді. Түзету жасалған кезде сызып тасталған сөз анық оқылуға тиіс. Әрбір түзету (толықтыру) түсіндіріледі, мысалы: "түзетілген... дұрыс", "қосымша жазылған...дұрыс", " сызып тасталған...оқылмасын", құжатқа қол қойған адамдармен және қоғам мөрінің (бар болса) бедерімен расталады.";

көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру қорытындылары туралы есепті жасауға және ресімдеуге қойылатын талаптар осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 24-қосымшаға сәйкес бекітілген "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банкноталарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 25-қосымшаға сәйкес бекітілген "Банк ашуға рұқсат беру " мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.";

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдау және беру бойынша қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.";

8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру кестесі сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін;";

9-тармақта:

бірінші бөліктің 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) құрылтайшылар туралы (көрсетілетін қызметті беруші белгіленген тізбе бойынша) мәліметтерді, аяқталған соңғы екі қаржы жылы ішіндегі

шоғырландырылған есептілікті қоса алғанда, қаржылық есептілікті, аудиторлық ұйымның құрылтайшылардың қаржылық жай-күйі туралы есебі.

Аудиторлық ұйымның есебі оның:

тексерілетін банктердің құрылтайшылары мен олардың лауазымды адамдарынан тәуелсіз екендігін;

аудиторлық қызмет саласында мемлекеттік реттеуді және аудиторлық және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның қаржы ұйымдарының міндетті аудитін жүргізу жөніндегі лицензиясына және біліктілік талаптарына сәйкес не резиденті болып табылатын мемлекеттің құзыретті органының аудиторлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясына сәйкес аудиторлық қызметті жүзеге асыруға уәкілетті екендігін растайтын құжаттарды табыс еткен жағдайда жарамды деп танылады.

Құрылтайшылар жөніндегі мәліметтер мыналарды қамтиды:

құрылтайшылар - жеке тұлғалар үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құрылтайшы – жеке тұлға туралы мәліметтер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есептерді жүргізу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы берген, өтелмеген немесе алынбаған соттылығының жоқтығын растайтын құжатты қоса бере отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты 10-тармағының 5) тармақшасы үшінші абзацының талаптарын орындағаны туралы ақпарат (көрсетілген құжатты беру күні өтінішті берген күннің алдындағы үш айдан аспайтын мерзімді құрайды).

Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағы 5) тармақшасының талаптарын растау мақсатында шетел азаматтары (азаматтығы жоқ тұлғалар) үшін олардың азаматтығы елінің (азаматтығы жоқ тұлғалар үшін – олардың тұрақты тұратын елінің) мемлекеттік органы берген тиісті құжатты қосымша береді.

құрылтайшылар - заңды тұлғалар үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құрылтайшы заңды тұлға туралы мәліметтер, оларға құрылтай құжаттарының (жарғының, құрылтай шартының) нотариат куәландырған көшірмелері қоса беріледі;

осы тармақтың 3) тармақшасының екінші, үшінші және төртінші абзацтарында белгіленген талаптардың орындалуын растайтын ақпарат;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағы 5) тармақшасының үшінші абзацының талаптарын орындау туралы ақпарат;

4) егер тұлға Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11534 тіркелген "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 71 қаулысымен бекітілген, "Банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі – "Банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру" стандарты) сәйкес көрсетілетін қызметті алушы ұсынатын банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі болатын болса, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 17-1-бабында көзделген құжаттар мен мәліметтер";";

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілетін қызметті алушы порталға өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3), 5), 7), 8) (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде), 4) (көрсетілетін қызметті алушы "Банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру" стандартына сәйкес жіберетін) және 6) (электрондық құжаттар түрінде) тармақшаларында және үшінші бөлігінде (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) көрсетілген құжаттар, олар электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі.";

көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Көрсетілетін қызметті алушы (құрылтайшы - жеке тұлға) туралы мәліметтер осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Көрсетілетін қызметті алушы (құрылтайшы - заңды тұлға ) туралы мәліметтер осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 26-қосымшаға сәйкес бекітілген "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банк операцияларына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 27-қосымшаға сәйкес бекітілген "Ислам банктері жүзеге асыратын банк операцияларын жүргізуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 28-қосымшаға сәйкес бекітілген "Банктерге банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 29-қосымшаға сәйкес бекітілген "Банкті (банк холдингін) ерікті түрде қайта ұйымдастыруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 30-қосымшаға сәйкес бекітілген "Актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 31-қосымшаға сәйкес бекітілген "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 24-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 32-қосымшаға сәйкес бекітілген "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 33-қосымшаға сәйкес бекітілген "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың жекелеген сыныптары болып табылатын міндетті сақтандырудың түрлеріне лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 34-қосымшаға сәйкес бекітілген "Қайта сақтандыру жөніндегі қызметке лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 27-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 35-қосымшаға сәйкес бекітілген "Сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 28-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 37-қосымшаға сәйкес бекітілген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.";

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдау және беру бойынша қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.";

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушының атына көрсетілетін қызметті беруші Басқармасының тиісті қаулысының не тиісті рұқсаттың (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға

рұқсат беру туралы шешім қабылданған кезде) көшірмесін қоса бере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру туралы хат не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жіберу.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.";

8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру кестесі сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін;";

9-тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) нотариат куәландырған және заңнамада белгіленген тәртіппен ресімделген құрылтай құжаттарының (жарғы, құрылтай шарты) төрт данасы;";

көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру туралы өтініш осы қаулыға 30-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Көрсетілетін қызметті алушы (құрылтайшы - заңды тұлға ) туралы мәліметтер осы қаулыға 31-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Көрсетілетін қызметті алушы (құрылтайшы - жеке тұлға) туралы мәліметтер осы қаулыға 32-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 38-қосымшаға сәйкес бекітілген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын және (немесе) сақтандыру холдингін ерікті қайта ұйымдастыруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.";

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдау және беру бойынша қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.";

8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру кестесі сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін;";

9-тармақтың екінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында (құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде), 3) және 4) тармақшаларында (электрондық құжат түрінде) көрсетілген құжаттар.";

көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын (сақтандыру холдингін) ерікті қайта ұйымдастыруға берілетін рұқсатты алуға өтінішхат осы қаулыға 33-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 39-қосымшаға сәйкес бекітілген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті таратуға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.";

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдау және беру бойынша қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.";

8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру кестесі сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін;";

9-тармақтың екінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4), 6), 7) (құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде), 3) (тарату комиссиясына, оның ішінде филиалдарында

және (немесе) өкілдіктерінде құрылатын оның бөлімшелеріне мүшелікке кандидаттардың тізімі, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтердің электрондық нысаны түрінде), 5) (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы міндеттемелерінің сомасы туралы мәліметтер қамтылған, акционерлердің жалпы жиналысы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті түрде тарату туралы шешімді қабылдаған күні жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кредиторларының тізімі, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтердің электрондық нысаны түрінде) және 8) тармақшаларында (электрондық құжат түрінде) көрсетілген құжаттар, олар электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі.";

көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті таратуға рұқсат беру туралы өтінішхат осы қаулыға 34-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 40-қосымшаға сәйкес бекітілген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің ұйымдардың капиталына елеулі қатысуына рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.";

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдау және беру бойынша қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.";

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін;";

9-тармақта:

бірінші бөліктің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімі бар еркін нысанда жасалған өтініш;";

үшінші бөліктің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) электрондық сұрау салуға қоса тіркелетін осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3), 4) (құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде), 5), 6), 7) (электрондық құжаттар түрінде) және 8) (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі жарғылық капиталына қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алу арқылы елеулі қатысуды иеленетін заңды тұлға туралы деректер осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтердің электрондық нысаны түрінде) тармақшаларында көрсетілген құжаттар.";

10-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) көрсетілетін қызметті алушының капиталға елеулі қатысуы бар ұйымның басшы қызметкерінің (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсынылған кандидаттың):

мінсіз іскерлік беделі жоқ;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қаржы ұйымын таратуға және ( немесе) қаржы нарығындағы қызметін жүзеге асыруды тоқтатуға алып келген, қаржы ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп иелену, оны лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағанға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату не оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, ірі қатысушы – жеке тұлға, қаржы ұйымының ірі қатысушысы ( сақтандыру холдингі) – заңды тұлғаның басшысы болып табылған адам банктің басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды. Көрсетілген талап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қаржы ұйымын таратуға және (немесе ) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруды тоқтатуға алып келген, қаржы ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп иелену, оны лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағаннан кейін не қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін 5 (бес) жыл бойы қолданылады;

осы және (немесе) өзге де қаржы ұйымында басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) берілген келісім кері қайтарып алынған адам банктің басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды. Көрсетілген талап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшы қызметкер лауазымына

тағайындауға (сайлауға) келісімін кері қайтарып алу туралы шешімді қабылдағаннан кейін қатарынан соңғы 12 (он екі) ай ішінде қолданылады. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған не тағайындау (сайлау) күніне дейін 3 (үш) жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған адам банктің басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды;

қатарынан төрт және одан да көп кезең бойы шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша дефолтқа жол берген не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша берешегінің сомасы купондық сыйақының төрт еселенген және (немесе ) одан да көп мөлшерін құрайтын не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша дефолттың мөлшері республикалық бюджет туралы заңда төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асып түсетін соманы құрайтын дефолтқа жол берген бұрын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, ірі қатысушы (ірі акционер) – жеке тұлға, ірі қатысушы (ірі акционер) – заңды тұлға - эмитенттің басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері болған адам банктің басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды. Көрсетілген талап осы абзацта көзделген мән-жайлар туындаған кезден бастап 5 (бес) жыл бойы қолданылады;";

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құжаттарды қарау кезеңінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және (немесе) сақтандыру холдингіне және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі капиталға елеулі қатысуды иеленуге ниеттенген ұйымға қатысты қолданған "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 53-2-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген қолданыстағы шектеулі ықпал ету шарасының және ( немесе) Заңның 53-1-бабының 2-тармағында көзделген мәжбүрлеу шарасының және (немесе) Заңның 53-3-бабы 2-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген санкцияның болуы;";

көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің капиталға елеулі қатысуы бар ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсыныс жасалған кандидаттар) туралы ақпарат осы қаулыға 35-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 41-қосымшаға сәйкес бекітілген "Қоғамды жария компания деп тану немесе қоғамның мәлімдемесі негізінде ол белгілеген тәртіппен оның жария компания мәртебесін кері қайтарып алу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 36-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 44-қосымшаға сәйкес бекітілген "Банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруына немесе сатып алуына рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 37-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 45-қосымшаға сәйкес бекітілген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің еншілес ұйым құруына немесе иеленуіне рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.";

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдау және беру бойынша қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.";

8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін;";

9-тармақта:

бірінші бөлікте:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімі бар еркін нысанда жасалған өтініш;

2) еншілес ұйымның жарғысы (бар болса) және құрылтай шарты немесе оны құру туралы шешім - оны құрған жағдайда, еншілес ұйымның жарғысы (бар болса) - оны иеленген жағдайда;";

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еншілес ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттар) туралы ақпарат;";

төртінші бөліктің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

ЖСН/БСН ______________________________________________________________

___

______________________________________________________________________

__________

Резидент емес туралы ақпарат: заңды тұлғаның тіркелген/жеке тұлғаның тұрғылықты тұратын елі __________________________________________________

__________

______________________________________________________________________

__________

11.2. қаржыландырылатын келісімшарттар туралы мәліметтер:
келісімшарттың нөмірі ______________________________ күні________________

___

келісімшарттың мақсаты мен мәні________________________________________

___

______________________________________________________________________

__________

келісімшарттың сомасы ___________________________________________________
валютасы

______________________________________________________________________

__________

(валютаның мың бірлігі)

келісімшарттың есептік нөмірі немесе келісімшарттың есептік нөмірін алу талап етілетін экспортқа немесе импортқа арналған келісімшарттар үшін мәміле паспортының нөмірі _____________________________________________________________

_________

______________________________________________________________________

__________

11.3. бенефициар (келісімшартқа қатысушы) туралы мәліметтер:
резидент _____________ резидент емес ____________ (белгіленсін)

заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) __________

____________________________________________________________________ __________

Резидент туралы ақпарат: мекенжайы ___________________________________ ___

____________________________________________________________________ __________

телефоны __________________________________________________________ ________

ҚҰЖЖ коды _________________________________________________________ ___

ЖСН/БСН ___________________________________________________________ ___

Резидент емес туралы ақпарат: заңды тұлғаның тіркелген/жеке тұлғаның тұрғылықты тұратын елі______________________________________________ __________

11.4. кредитордың банкті немесе өзге қаржы институтын қаржыландыру нысаны

(белгіленсін):

___ қаражаттың банктің немесе өзге қаржы институтының шотына түсуі;

___ кредитордың бенефициарға ақы төлеуі;

___ өзге (талдап жазылсын)____________________________________________ __.

12. Қаражаттың түсу және берешекті өтеу кестесі

шарт валютасының мың бірлігі

| Қарыз алушыға кредит бойынша қаражаттың түсуі | | Қарыз алушының кредитке қызмет көрсетуі бойынша төлемдер | | |
|---|---|---|---|---|
| күні | сомасы | күні | негізгі борышты өтеу | сыйақы төлеу |
| А | 1 | Б | 2 | 3 |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| ЖИЫНТЫҒЫ | | ЖИЫНТЫҒЫ | | |
| оның ішінде өтініш беру күніне | | оның ішінде өтініш беру күніне | | |

13. Ескертпе______________________________________________________________

—

## 2-бөлім. Капиталға қатысу, бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен операциялар

1. Операция түрі (белгіленсін):

1) ___ резиденттердің резидент еместердің жарғылық капиталына қатысу үлесін сатып алуы, резиденттердің резидент еместердің капиталына қатысуды қамтамасыз ету мақсатында салымдарды енгізуі;

2) ___ резиденттердің резидент емес эмитенттердің акцияларын, пайларын сатып алуы;

3) ___ резиденттердің резидент емес эмитенттердің өзге бағалы қағаздарын сатып алуы;

4) ___ резидент еместердің резиденттердің жарғылық капиталына қатысу үлесін сатып алуы, резидент еместердің резиденттердің капиталына қатысуды қамтамасыз ету мақсатында салымдарды енгізуі;

5) ___ резидент еместердің резидент эмитенттердің акцияларын, пайларын сатып алуы;

6) ___ резидент еместердің резидент эмитенттердің өзге бағалы қағаздарын сатып алуы;

7) ___ туынды қаржы құралдарымен операциялар.

1.1. резидент еместің резидентке қатысы (3), 6) операция түрлері үшін толтырылады):

1) _____ резидент еместің резиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10% және одан да көп пайызына тікелей иелік етуі;

2) _____ резидент еместің резиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10% және одан да көп пайызына жанама иелік етуі;

3) _____ резиденттің резидент еместің дауыс беретін акцияларының,

қатысушылары дауыстарының 10% және одан да көп пайызына тікелей иелік етуі;

4) _____ резиденттің резидент еместің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10% және одан да көп пайызына жанама иелік етуі;

5) _____ резидент пен резидент емес бір біріне қандай да бір бақылау жасамайды немесе ықпал етпейді, бірақ резиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының кемінде 10% тікелей немесе жанама иелік ететін бір инвестордың бақылауында немесе ықпалында;

6) _____ өзге.

2. Инвестор туралы мәліметтер (егер өтініш беруші инвестор болып табылса, толтырылмайды):

резидент _____________ резидент емес________ (белгіленсін)

заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) ____

__________________________________________________________________________

Резидент туралы ақпарат: мекенжайы ______________________________________

телефоны _____________________________________________________________

КҰЖЖ коды _________________________ ЖСН/БСН ______________________

Резидент емес туралы ақпарат: заңды тұлғаның тіркелген/жеке тұлғаның тұрғылықты тұратын елі ______________________________________________________

3. Сатушы туралы мәліметтер (егер өтініш беруші сатушы болып табылса, толтырылмайды):

резидент_______ резидент емес ________ (белгіленсін)

заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

__________________________________________________________________________

__________________________________________________________________________

Резидент туралы ақпарат: мекенжайы ______________________________________

телефоны ________________________________________________________________

__________

КҰЖЖ коды ___________________________________________________________

___

ЖСН/БСН_____________________________________________________________

___

Резидент емес туралы ақпарат: заңды тұлғаның тіркелген/жеке тұлғаның тұрғылықты тұратын елі ______________________________________________

__________

4. Валюта шарты туралы мәліметтер:

валюта шартының сомасы _____________________________________________

___

(валюта шартының валютасында цифрлармен және жазумен)

валюта шартының валютасы___________________________________________

___

мерзімі өткен төлемдер үшін мөлшерлеме: мерзімі өткен әрбір күн үшін ____

___________

ілеспе төлемдер (ұйымдастырғаны, басқарғаны үшін комиссия, міндеттемелер және басқа)

_________________________________________________________________________

__________

(талдап жазылсын)

өтініш берілген күні валюта шарты бойынша берілген қаражат:

| Жөнелтуші | Бенефициар | Күні | Сомасы, валюта шарты валютасының мың бірлігі |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |

операцияның қысқаша сипаттамасы (төлем жөніндегі нұсқаулық, қаражат қозғалысының

схемасы және басқа)

_________________________________________________________________________

__________

_________________________________________________________________________

__________

5. Инвестициялау объектісі туралы мәліметтер (егер өтініш беруші инвестициялау

объектісі болып табылса, толтырылмайды):

резидент _________ резидент емес __________ (белгіленсін)

атауы____________________________________________________________________

__________

______________________________________________________________________

Резидент туралы ақпарат: мекенжайы (облыс, қала)______________________________

КҰЖЖ коды __________________________ ЖСН/БСН ____________________________

Резидент емес туралы ақпарат: тіркелген елі______________________________________

6. Инвестициялау объектісінің капиталы (операциялар акциялармен, қатысу үлестерімен, пайлармен жүзеге асырылған жағдайда толтырылады):

| | | Валюта шарты бойынша операция жүргізгенге дейін | | Валюта шарты бойынша операция жүргізілгеннен кейін | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сомасы | валютасы | сомасы | валютасы |
| 1. | Инвестициялау объектісінің жарғылық капиталы, құрылтай құжаттары бойынша валютаның мың бірлігі | | | | |
| 1.1 | оның ішінде инвесторлар бойынша | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| 2. | Инвестициялау объектісінің капиталы (жарғылықтан басқа), құны бойынша көрсетілген пайлар, валютаның мың бірлігі | | | | |
| 2.1 | оның ішінде инвесторлар бойынша | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| 3. | Инвестордың (инвесторлардың) инвестициялау объектісінің капиталындағы үлесі, %-бен | | | | |
| 3.1. | оның ішінде инвесторлар бойынша | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

7. Инвестициялау объектісінің акциялары туралы ақпарат (акциялармен операцияларды жүзеге асырған жағдайда толтырылады):

| | | Валюта шарты бойынша операция жүргізгенге дейін | | Валюта шарты бойынша операция жүргізгеннен кейін | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жай | артықшылық берілген | жай | артықшылық берілген |
| 1. | Инвесторға (инвесторларға) тиесілі акциялар саны, дана | | | | |
| 1.1 | оның ішінде инвесторлар бойынша | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | | | | |

8. Инвестор (инвесторлар) валюта шарты бойынша сатып алатын инвестициялау объектісінің акциялары туралы ақпарат:

| Акцияның түрі (жай/ артықшылық берілген, дауыс беру құқығы бар/құқығы жоқ) | Халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN) не ұлттық сәйкестендіру нөмірі (ҰСН) | Бір бағалы қағаздың номиналдық құны немесе орналастыру бағасы (валюта бірлігі) | Шығарылым ( орналастыру ) валютасы |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |

9. Инвестор (инвесторлар) сатып алатын борыштық бағалы қағаздар,

инвестициялық қорлардың пайлары туралы мәліметтер:

ISIN/ҰСН__________________________________________________________

бағалы қағаздардың саны

__________________________________________________________________ дана

бір бағалы қағаздың номиналдық құны ______________________________ валюта бірлігі

шығарылым валютасы

__________________________________________________________________

Инвестициялық қордың пайлары үшін

қордың түрі (акционерлік, пайлық, ашық, жабық, аралық, өзге (көрсетілсін)

__________________________________________________________________

басқарушы компания

__________________________________________________________________

(атауы, елі)

10. Депозитарлық қолхаттар туралы мәліметтер:

Депозитарлық қолхаттың ISIN/ҰСН

__________________________________________________________________

шығарылған күні

__________________________________________________________________

депозитарлық қолхаттың саны: операция жүргізгенге дейін __________ дана,

операция жүргізгеннен кейін ________ дана.

Депозитарлық қолхат пен базалық актив бірліктерінің арақатынасы:

_____________ дана депозитарлық қолхат = _____________ дана базалық актив

10.1. Депозитарлық қолхаттардың базалық активі туралы мәліметтер:

бағалы қағаздың түрі:___________ акциялар, ___________ облигациялар ( көрсетілсін)

депозитарлық қолхаттарға ауыстырылған базалық актив бірліктерінің саны:

операция жүргізгенге дейін ______ дана, операция жүргізгеннен кейін _______ дана.

10.2. Депозитарлық қолхат эмитенті:

резидент __________ резидент емес __________ (белгіленсін)

заңды тұлғаның атауы ___________________________________________________________

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

Резидент емес туралы ақпарат: тіркелген елі _______________________________________

Резидент еместің экономика секторы ____________________________________________

11. Туынды қаржы құралдары туралы мәліметтер:

туынды қаржы құралының түрі (көрсетілсін):

______ опцион, _______ форвард, ______ фьючерс, ________ өзге (талдап жазылсын)

___________________________________________________________________________

туынды қаржы құралының базалық активінің атауы

___________________________________________________________________________

бағалы қағаздың ISIN/ҰСН

___________________________________________________________________________

12. Ескертпе______________________________________________________________

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

## 3-бөлім. Шетел банкінде банк (оның ішінде жинақ) шотын ашу

1. Шетелдік банк____________________________________________________________
___

(атауы, мекенжайы, SWIFT коды және өзге банктік деректемелері)

2. Банк шотының валютасы_____________________________________________________
___

3. Банк шотының нөмірі________________________________________________________
___

4. Банк шотының түрі (белгіленсін):

____ резиденттің, Қазақстан Республикасында орналасқан резидент филиалының
(өкілдігінің) ағымдағы шоты;

____ Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан резидент филиалының
(өкілдігінің) ағымдағы шоты;

____ резиденттің салымы;

____ басқа да (талдап жазылсын)

_____________________________________________________________________________
_________

_____________________________________________________________________________
_________.

5. Банк шоты бойынша сыйақы (мүдде) мөлшерлемесі (жылдық %)

_____________________________________________________________________________
_________

(өзгермелі пайыздық мөлшерлеме болған жағдайда оны есептеу базасы және маржа
мөлшері көрсетіледі)

6. Резидент филиалының (өкілдігінің) орналасқан жері______________________
___

_____________________________________________________________________________
_________

(елі, мекенжайы)

7. Ескертпе _______________________________________________________________
___

## 4-бөлім. Капитал қозғалысының басқа операциялары

1. Операция түрі (белгіленсін):

____ жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алу;

____ зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықты толық сатып алу;
____ бірлескен қызметке қатысушының міндеттемелерін орындау;
____ ақшаны және мүлікті сенімгерлік басқаруға беру.

2. Валюта шарты туралы мәліметтер:

валюта шартының сомасы_____________________________________________
___

(валюта шартының валютасында цифрлармен және жазумен)

валюта шартының валютасы__________________________________________
___

қаражатты (болған кезде) пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесі (мүддесі)
:

__________________________________________________________________
жылдық %

(өзгермелі пайыздық мөлшерлеме болған жағдайда оны есептеу базасы және маржа

мөлшері көрсетіледі)

ілеспе төлемдер (болған кезде) ________________________________________
_________

(талдап жазылсын)

__________________________________________________________________
_________

Операцияның қысқаша сипаттамасы (ақы төлеу жөніндегі нұсқаулық, қаражаттың

қозғалу схемасы және басқа)__________________________________________
_________

__________________________________________________________________
_________

3. Объект туралы мәліметтер:

3.1. жылжымайтын мүлік _____________________________________________
___

(елі, мекенжайы)

3.2. зияткерлік меншік объектісі _____________________________________
____

(объектінің қысқаша сипаты)

3.3. бірлескен қызмет_______________________________________________
___

(жобаның қысқаша сипаты)

3.4. сенімгерлік басқару_____________________________________________
__

(мақсаттың қысқаша сипаттамасы)

4. Өтініш берілген күні валюта шарты бойынша берілген қаражат:

| Жөнелтуші | Бенефициар | Күні | Сомасы, валюта шарты валютасының мың бірлігі |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |

5. Ескертпе____________________________________________________________
__
_____________________________________________________________________
__________

## Тіркеу куәлігін алуға өтінішті/Валюталық операция туралы немесе шетелдік банкте банк шотын ашу туралы хабарламаны толтыру жөніндегі түсіндіру

1-4-бөлімдер тіркеу куәлігін алуға арналған өтінішті беру кезінде, тиісті валюталық операция немесе шетелдік банктегі банк шоты туралы хабарлау кезінде толтырылады. Толтырылмаған бөлімдер ұсынылмайды.

"Ескертпе" деген жолда валюта шартының сомасы белгіленгенбеген жағдайда оның пайда болу тәсілін (тәртібін) қоса алғанда, өтініш беруші тіркеу куәлігінде ( хабарлама куәлікте) көрсету қажет деп санайтын шарт талаптары көрсетіледі.

"Коммерциялық кредиттер және қаржылай қарыздар" 1-бөлімінде:

3-тармақта жекелеген мәмілелерді, оның ішінде тіркелуге жататын валюта шартын кредиттеудің негіздемелік талаптарын айқындайтын негіздемелік келісім (бас келісім, кредиттік желі және басқасы) көрсетіледі.

12-тармақта қаражаттың резидентке келіп түскені және оның валюта шарты бойынша берешекті өтеуі туралы (резидент еместер резиденттерге берген қаржылай қарыздар мен коммерциялық кредиттер болған жағдайда), сондай-ақ қаражаттың резидент емеске келіп түскені және оның берешекті өтеуі туралы ( резиденттер резидент еместерге берген қаржылай қарыздар мен коммерциялық кредиттер болған жағдайда) ақпарат валюта шартының мың бірлігімен көрсетіледі.

А бағанында қаражаттың ақшалай нысанда және сол сияқты тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нысанында түсуінің нақты және (немесе) болжамды (болашақтағы) күні, ал 1-бағанда түсімдер сомасы көрсетіледі. Егер шарт сомасы көрсетілмесе, онда 1-бағанда қаражаттың нақты түскендігі туралы ақпарат қана көрсетіледі.

Берешекке қызмет көрсету бойынша төлемдер (ақшалай және сол сияқты өзге нысандардағы) туралы ақпарат Б, 2, 3-бағандарда көрсетіледі. Б бағанында төлем жүргізудің нақты және (немесе) болжамды (болашақтағы) күні көрсетіледі. 2

және 3-бағандарда тиісінше негізгі борыштың өтелгені және сыйақының төленгені көрсетіледі. Егер валюта шартында өзгеше белгіленбесе, өзгермелі пайыздық мөлшерлеме болған жағдайда сыйақы төлеудің болжамды сомасы өтініш (хабарлама) беру күніндегі база мәніне қарай есептеледі.

Резидент немесе резидент емес аванстық төлемдер жүргізген жағдайда төлем жүргізудің тиісті күні мен Б және 2-бағандардағы сома көрсетіледі.

1 және 2-бағандардағы жиынтық сомалар өзара және шарт сомасына немесе, егер шарт сомасы келісілмесе, өтініш беру күні нақты түскен қаражат сомасына тең.

Тіркеу үшін өтініш берілген сәтке дейін жүргізілген (хабарлай отырып) валюталық операциялардың жалпы сомасы "оның ішінде өтініш беру күні" жолының тиісті бағандарында көрсетіледі.

Ұзарту үшін опцион болған кезде Б бағанында негізгі шартта белгіленген өтеу мерзімі көрсетіледі.

Егер валюта шартында сома түрлі валютадағы бірнеше сомадан құралса, онда 12-тармақта қаражаттың түсу және берешекті өтеу кестесі әрбір валюта шарты бойынша жеке жасалады.

"Капиталға қатысу, бағалы қағаздармен, туынды қаржы құралдарымен операциялар" 2-бөлімінде:

Операциялар акциялармен жүзеге асырылған жағдайда 2-8-тармақтар, қатысушылардың дауыстарымен жүзеге асырылған жағдайда 2-6-тармақтар толтырылады.

Резиденттер (резидент еместер) резидент емес (резидент) эмитенттердің өзге бағалы қағаздарын және резидент еместердің (резиденттердің) инвестициялық қорларының пайларын сатып алған жағдайда 2-5, 9-тармақтар толтырылады.

Операциялар туынды қаржы құралдарымен жүзеге асырылған жағдайда 4 және 11-тармақтар толтырылады, ал егер бағалы қағаз базалық актив болып табылса, 5-10-тармақтар толтырылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 24 ақпандағы
№ 37 қаулысына
3-қосымша
"Микроқаржылық ұйымдарды
есептік тіркеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша
Нысан

______________________________________________________

__________

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

_______________________________________________________________________________
_________

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы)

**Өтініш**

Микроқаржылық ұйым ретінде есептік тіркеу жүргізуді сұраймын.

Көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер:

1. Көрсетілетін қызметті алушының тұрған жері _________________________
___

_______________________________________________________________________________
_________

(индексі, облыс, аудан, қала, көше, үйдің, офистің нөмірі)

_______________________________________________________________________________
_________

(телефон, факс, электрондық поштаның мекенжайы, бар болса интернет-ресурс)

2. Жіберілетін құжаттардың тізбесі, даналарының және олардың әрқайсысындағы

парақ саны: _____________________________________________________________
_________

_______________________________________________________________________________
_________

Өтінішке қоса берілген құжаттар мен ақпараттың тексерілгенін және дәйекті әрі

толық болып табылатынын растаймын.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтердің

пайдаланылуына келісемін.

Өтініш беруге уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде),

лауазымы_____________________________________________________________
_________

_______________________________________________________________________________
_________.

______________________

(қолы)

20 __ жылғы "____" _______________

Мөр (болған кезде) орны

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының

2017 жылғы 24 ақпандағы
№ 37 қаулысына
4-қосымша
"Микроқаржылық ұйымдарды
есептік тіркеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
4-қосымша
Нысан

# Атқарушы органның бірінші басшысы (мүшелері), бас бухгалтері (болған кезде) туралы мәліметтер

________________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті алушы қызметкерінің лауазымы
және көрсетілетін қызметті алушының атауы көрсетіледі)

1. Жалпы мәліметтер:

| | |
|---|---|
| Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) | ____________________<br>____________________<br>(жеке басын куәландыратын құжатқа толық сәйкес, тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда, олардың қашан, қандай себеппен өзгертілгенін көрсету керек) |
| Туылған күні және жері | ____________________<br>____________________<br>____________________ |
| Тұрақты тұрғылықты жері, телефон нөмірлері | ____________________<br>____________________<br>____________________<br>(толық мекенжайын, елді-мекеннің кодын қоса алғанда, қызметтік, үй, байланыс телефондарының нөмірлерін көрсету керек) |
| Азаматтығы | |
| Жеке басын куәландыратын құжаттың толық деректемелері | ____________________<br>____________________<br>____________________<br>____________________ |

Қатысушы, акционер ретінде көрсетілетін қызметті алушының өзге заңды тұлғалар құруға және қызметіне қатысуы туралы мәліметтер:

| № | Заңды тұлғаның атауы және тұрған жері | Заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері | Лауазымды тұлғаның заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі, заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының жалпы санына қатысты лауазымды тұлғаға тиесілі акциялардың пайыздық арақатынасы |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |

2. Кәсіби деректер:

| | |
|---|---|
| | ____________________<br>_ _ |

| | |
|---|---|
| Білімі, оның ішінде жұмыс саласына сәйкес келетін кәсіби білімі | ________________________________ _ _<br>________________________________ _ _<br>________________________________ _ _<br>(оқу орнының, факультеттің немесе бөлімнің атауын мен орналасқан жерін, оқу кезеңін, берілген біліктілікті, білімі туралы дипломның деректемелерін көрсету керек) |
| Қосымша білімі, оның ішінде жұмыс істейтін саладағы біліктілікті көтеру курстары, ғылыми дәрежелері | ________________________________ _ _<br>________________________________ _ _<br>________________________________ _ _<br>________________________________ _ _<br>________________________________ _ _<br>(оқу орнының атауы мен орналасқан жерін, оқу кезеңін, білімі туралы дипломның деректемелерін, сертификатты, куәлікті көрсету керек) |
| Жетістіктері | ________________________________ _ _<br>________________________________ _ _<br>(осы мәселе бойынша ақпарат көрсету керек, мысалы, ғылыми жарияланымының аты, ғылыми әзірлемелерге, заң жобаларына және т.б қатысуы) |
| Осы мәселеге қатысы бар басқа ақпарат | ________________________________ _ _<br>________________________________ _ _<br>________________________________ _ _<br>(кандидаттың кәсіби біліктілігін сипаттайтын ақпарат көрсетіледі) |

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

| № | Жұмыс кезеңі (айы, жылы) | Ұйымның атауы, атқаратын лауазымдары және лауазымдық міндеттері |
|---|---|---|
| | | |
| | | |

3. Басқа мәліметтер:

| | |
|---|---|
| Өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болуы | И ә / ж о қ<br>(егер бар болса, онда қылмыстық жауаптылыққа тартылғаны туралы үкімнің күнін және нөмірін, 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің не 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің бабын көрсету керек) |
| | |

| | |
|---|---|
| Қадағалау органдарының Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуі туралы деректердің болуы | Иә/жоқ (егер бар болса, онда күнін және осындай шара қолданған органның атауын көрсету керек) |
| Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган осы микроқаржылық ұйымды тізілімнен шығару туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұған дейін микроқаржылық ұйымның бірінші басшысы немесе құрылтайшысы болып табылғандығы туралы мәліметтер | Ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі |
| Қаржылық қызметтерді көрсету мәселелері бойынша сот талқылауына микроқаржылық ұйымның басшысы ретінде жауапқа тартылды ма | (қаралған мәселенің және соттың шешімінің күнін, сот талқылауындағы жауапкер-ұйымының атауын көрсету керек) |
| Осы мәселеге қатысты басқа ақпарат | (еркін түрде көрсетіледі) |

Мен,_____________________________________________________________,

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

осы ақпаратты тексергендігімді және оның дәйекті әрі толық екендігін растаймын.

_____________

(қолы, күні)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 24 ақпандағы
№ 37 қаулысына
5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 71 қаулысына
6-қосымша

## "Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін жіберу:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде – 30 (отыз) жұмыс күні ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдау және беру бойынша қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.

Көрсетілетін қызметті алушы үміткерлер сайланған (тағайындалған) күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешікпейтін мерзімде оларды келісу үшін көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың толық топтамасын (үміткерлерді, жауапты адамдарды, байланыс телефондарын және электрондық пошта мекенжайларын көрсетіп) ұсынады.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды алған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оларды көрсетілетін қызметті алушыға қараусыз қайтарады.

Ұсынылған құжаттар осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9 және 10-тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға ескертулер мен оларды жою мерзімін көрсетіп жазбаша жауап жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы ескертулерді жойып, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін пысықталған (түзетілген) құжаттарды көрсетілетін қызмет беруші жіберген жазбаша хабарламада белгіленген мерзімде ұсынады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушының атына қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің (бұдан әрі – холдинг), "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) басшы қызметкерлері лауазымына үміткерлерді келісу нәтижелері туралы мәліметтер бар хат не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 11-тармағында негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жіберу.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі туралы мәліметтерді ұсыну нысаны: электрондық. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті қағаз жеткізгіште алуға өтініш жасаған жағдайда нәтиже электрондық нысанда ресімделеді және қағазға басылады.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін;

2) порталдікі – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін жіберу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Мемлекеттік қызмет кезек күтпестен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ұсынылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) еркін нысанда жазылған, ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімі бар, көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінің лауазымына үміткердің (бұдан әрі – үміткер)

көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігі туралы, сондай-ақ үміткер туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті алушы құжаттамалық тексергені туралы көрсетілген және мыналар қол қойған қолдаухат:

көрсетілетін қызметті алушының басқару органының басшысы, ал ол болмаған жағдайда басқару органының шешімі бойынша басқару органы мүшелерінің бірі (басқару органының осы шешімінің көшірмесін бере отырып), басқару органының басшысы және мүшелері болмаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы акционерлерінің бірі, осы құжатқа қол қоюға уәкілетті қаржы ұйымы, холдинг (жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған қаржы ұйымы, холдинг үшін) қатысушыларының бірі – басқару органының басшысын (атқарушы органның функцияларын жеке жүзеге асыратын адамды), атқарушы органның басшысы болып табылатын басқару органының мүшесін тағайындаған (сайлаған) кезде;

көрсетілетін қызметті алушы атқарушы органының басшысы (атқарушы органның функцияларын жеке жүзеге асыратын адам) не оның міндеттерін атқаратын адам (міндеттерді атқару жүктелгені туралы шешімнің көшірмесін бере отырып) – қалған жағдайларда;

2) көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органы мүшесінің лауазымына немесе қаржы ұйымының, холдингтің өзге басшысының лауазымына "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 20-бабында, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң) 34-бабында, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) 54-бабында, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) 55-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келетін үміткердің лауазымдық нұсқаулығының көшірмесі, онда мыналар қамтылады:

осы үміткердің өкілеттіктері (тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде), лауазымын, оның лауазымдық нұсқаулықпен танысып қойылған қолын және күнін көрсете отырып);

осы үміткер жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшенің (бөлімшелердің) атауы туралы мәліметтер және оның (олардың) құзыретіне жататын мәселелердің тізбесі;

өз функцияларын жүзеге асыру кезіндегі жауапкершілік.

Қаржы ұйымының, холдингтің өзге басқарушы қызметкерінің лауазымына үміткер қол қоятын құжаттардың тізбесі лауазымдық нұсқаулықта болмаған жағдайда, үміткерге құжаттарға қол қою құқығы беруге негіз болған өзге құжаттың көшірмесі ұсынылады;

3) егер көрсетілетін қызметті алушы атқарушы органының мүшесі лауазымына үміткер өзге ұйымда жұмыс істесе, акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған осы көрсетілетін қызметті алушы басқарушы органының үміткерге өзге ұйымда жұмыс істеуге келісім беру туралы шешімінің үзінді-көшірмесін;

4) егер үміткер акционерлік қоғамның атқарушы органының мүшесі болып табылған жағдайда, осы акционерлік қоғамның басқару органының үміткерге көрсетілетін қызметті алушыда жұмыс істеуге келісім беру туралы шешімінің үзінді-көшірмесін;

5) үміткерді тағайындау (сайлау) күнін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушы уәкілетті органының үміткерді тағайындау туралы шешімінің үзінді-көшірмесін не бұйрығының көшірмесін ұсынуға тиіс.

Егер тағайындау (сайлау) күні көрсетілмесе, онда көрсетілетін қызметті алушы уәкілетті органының шешім (бұйрық) қабылдаған күні не шешімде ( бұйрықта) көрсетілген оқиға басталған күн үміткерді тағайындау (сайлау) күні болып саналады.

Шешімде (бұйрықта) көрсетілген оқиға басталған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органы шешімінің үзінді-көшірмесінде мынадай мәліметтер болады:

көрсетілетін қызметті алушының толық атауы және көрсетілетін қызметті алушы атқарушы органының орналасқан жері;

акционерлердің жалпы жиналысын (басқару органының отырысын) өткізу күні, уақыты мен орны;

отырысқа (басқару органының отырысы үшін) қатысқан адамдар туралы мәліметтер;

акционерлер жалпы жиналысының (басқару органы отырысының) кворумы;

акционерлер жалпы жиналысы отырысының (басқару органы отырысының) басшы лауазымға үміткерді тағайындау (сайлау) туралы мәселе бөлігіндегі күн тәртібі;

дауыс беруге қойылған мәселелер, басшы лауазымға үміткерді тағайындау ( сайлау) бөлігінде ол бойынша дауыс беру қорытындылары;

басшы лауазымға үміткерді тағайындау (сайлау) бөлігінде қабылданған шешімдер.

Көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органы шешімінің үзінді-көшірмесі осындай құжатқа қол қоюға уәкілетті қызметкердің ( қызметкерлердің) қойылған қолымен және көрсетілетін қызметті алушы мөрінің (болған кезде) бедерімен расталады және онда үзінді-көшірменің дұрыс екеніне нұсқау болады;

6) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша басшы қызметкер лауазымына үміткер туралы электрондық және қағаз жеткізгіштердегі мәліметтерді (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшадағы түрлі-түсті фотосурет ашық реңде, 3х4 өлшемді);

7) ұсынылған адамдар экономика және (немесе) заң ғылымдарының докторы ғылыми дәрежелері бар адамдар болған жағдайда, Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен ғылыми дәреже алғанын растайтын дипломның көшірмесі.

Азаматтық еліндегі (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын еліндегі ( азаматтығы жоқ адамдар үшін) ғылыми дәреже алғанын растау мақсатында шетелдіктер (азаматтығы жоқ адамдар) көрсетілетін қызметті берушіге олардың азаматтық елінің (азаматтығы жоқ адамдар үшін - олардың тұрақты тұратын елінің) мемлекеттік органы берген тиісті құжатты ұсынады;

8) шетелдіктер (азаматтығы жоқ адамдар) олардың азаматтығы елінде ( шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елінде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) қылмыстар үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екендігі туралы мәліметтердің дәйектілігін растау мақсатында да көрсетілетін қызметті берушіге олардың азаматтығы елінің (азаматтығы жоқ адамдар үшін – олардың тұрақты тұратын елінің) немесе кандидат соңғы 15 (он бес) жыл бойы тұрақты тұрған елдің мемлекеттік органы берген тиісті құжатты ұсынады. Көрсетілген құжатты беру күні қолдаухат берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды;

9) кандидат ұсынылатын лауазымды, ұсынып отырған адамның қол қойған күнін және лауазымын, сондай-ақ кандидаттың кәсіби және жеке басының мінездемелерін көрсете отырып, еркін нысанда жасалған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14784 тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 305 қаулысымен бекітілген Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларының және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесінің 6-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген кем дегенде 2 (екі) тұлғадан кандидатқа берілген ұсыным хаттар. Ұсыным хаттың берілген күні қолдаухат берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды;

10) Қазақстан Республикасының резиденттері емес кандидаттарды келіскен жағдайда, Қазақстан Республикасының резиденті емес қаржы ұйымында Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+" төмен емес кредиттік рейтингі немесе тізбесі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 тіркелген, "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингілік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысымен белгіленген басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі туралы мәліметтер;

11) бас бухгалтер лауазымына кандидат үшін – Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген кәсіби бухгалтер сертификатының көшірмесі;

12) бас бухгалтер лауазымына кандидат үшін – мүшелік билеттің ( кітапшаның) көшірмесі немесе бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіптік ұйымының осы ұйымда мүшелігін растайтын анықтама.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды қоспағанда, осы тармақта аталған, бірнеше парақтан тұратын құжаттар нөмірленіп, тігіліп және соңғы парағының артқы жағына тігілген түйіннің үстіне жапсырылған, тігілген парақ саны көрсетілген жапсырмаға ішінара көрсетілетін қызметті алушының мөрімен (болған кезде) расталып ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті алушы шет тілінде ұсынатын Қазақстан Республикасының резиденті емес - үміткерді келісуге арналған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес заңдастырылуға не апостильделуге тиіс (үміткердің жеке басын куәландыратын құжатты қоспағанда). Көрсетілген құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазақ және орыс тілдеріне аударылады және көрсетілетін қызметті берушіге нотариат куәландырған түрде ұсынылады.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды қоспағанда, құжаттардың көшірмелері көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органы басшысының (атқарушы органның функцияларын жалғыз өзі жүзеге асыратын адамның) не оның міндеттерін атқаратын адамның (міндеттерді атқаруды жүктеу туралы растайтын құжаттың көшірмесін ұсына отырып) қолымен лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және көшірмелердің дұрыстығы көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті алушы мөрінің (болған кезде) бедері қойыла отырып расталады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынылған құжаттарды кері қайтару себебі көрсетілген еркін нысандағы жазбаша өтініш беруі арқылы оларды көрсетілетін қызметті беруші үміткерлерді келісу туралы шешім қабылдағанға дейін, ал тестілеуге шақыра отырып келісу кезінде - үміткер тестілеуден өтетін күнге дейін кері қайтаруға жол беріледі.

10. Көрсетілетін қызметті алушы порталға өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2), 3), 4) , 5), 6), 7), 10), 11) және 12) тармақшаларында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) көрсетілген құжаттар электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі.

Қазақстан Республикасының жеке тұлға – резидентінің жеке басын куәландыратын, алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екендігін растайтын, Қазақстан Республикасының заңды тұлға – резидентін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.

11. Мыналар мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады:

1) үміткердің Банктер туралы заңның 20-бабында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 16-2, 34-баптарында, "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 1-бабының 20) тармақшасында, 54-бабының 4-тармағында, 59-бабының 2-тармағында, " Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-1-бабында, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 54-бабында, 63-бабының 5-тармағында, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабында, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 55-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

2) тестілеудің теріс нәтижесі.

Мыналар тестілеудің теріс нәтижесі болып табылады:

кандидаттың тестілеу нәтижесі дұрыс жауаптың 70 (жетпіс) пайызынан аз болуы;

кандидаттың не аудармашының (егер осы аудармашыны кандидаттың өзі ұсынған жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші белгілеген тестілеу тәртібін бұзуы;

кандидаттың келісу мерзімі өткенге дейін көрсетілетін қызметті беруші белгілеген уақытта тестілеуге келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің ескертулерін жоймауы немесе көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің ескертулерін ескере отырып пысықталған құжаттарды осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 4-тармағының 1) тармақшасында белгіленген көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қарау мерзімі өткеннен кейін ұсынуы;

4) басшы қызметкердің көрсетілетін қызметті берушінің келісімінсіз өз лауазымын атқаруға құқылы болатын мерзім өткеннен кейін құжаттарды ұсынуы ;

5) кандидатқа қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) қолданған санкциялардың және (немесе) шектеулі ықпал ету шараларының болуы.

Осы талап көрсетілетін қызметті алушы кандидатты келісу туралы өтінішхатты беру күніне дейін 1 (бір) жыл бойы қолданылады;

6) кандидаттың өз өкілеттігіне кірген мәселелер бойынша кандидат басшы қызметкердің не басшы қызметкердің міндетін атқарушы лауазымын атқарып отырған (атқарған) қаржы ұйымының, холдингтің немесе Қордың Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуына алып келген және уәкілетті орган сол үшін осы қаржы ұйымына, холдингке немесе Қорға қатысты шектеулі ықпал ету шарасын және (немесе) санкция қолданған шешімдерді қабылдау фактілері туралы көрсетілетін қызметті берушіде мәліметтердің болуы.

Осы талап уәкілетті орган бұзушылықты анықтаған күннен бастап 1 (бір) жыл бойы қолданылады;

7) көрсетілетін қызметті берушіде кандидаттың бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп танылған және (немесе) үшінші тұлғаға (үшінші тұлғаларға) нұқсан келтіруге алып келген мәміле тарабы болып табылғандығы туралы мәліметтердің (фактілердің) болуы.

Осы талап төменде аталған оқиғалардың ең алдыңғысы басталған:

уәкілетті орган ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған мәмілені айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп таныған;

уәкілетті орган осы мәмілені жасау нәтижесінде үшінші тұлғаға (үшінші тұлғаларға) нұқсан келтірілгенін растайтын фактілерді алған күннен бастап 1 (бір ) жыл бойы қолданылады;

8) кандидаттың уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп танылған мәмілелерді жасағаны үшін оған қатысты санкциялар және (немесе) шектеулі ықпал ету шараларын қолданған қаржы

ұйымының қызметкері және (немесе) әрекеттері мәмілеге қатысушы қаржы ұйымына және (немесе) үшінші тұлғаға (үшінші тұлғаларға) нұқсан келтіруге алып келген қаржы ұйымының қызметкері болып табылатындығы туралы мәліметтердің көрсетілетін қызметті берушіде болуы.

Осы талап төменде аталған оқиғалардың ең алдыңғысы басталған:

уәкілетті орган ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған мәмілені айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп таныған;

уәкілетті орган осы мәмілені жасау нәтижесінде қаржы ұйымына және ( немесе) үшінші тұлғаға (үшінші тұлғаларға) нұқсан келтірілгенін растайтын фактілерді алған күннен бастап 1 (бір) жыл бойы қолданылады.

Осы тармақшаның мақсаттары үшін басшы қызметкер не оның міндеттерін атқарған адам және (немесе) құзыретіне жоғарыда көрсетілген бұзушылықтарға әкеп соққан мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кірген қор биржасының трейдері қаржы ұйымының қызметкері деп түсініледі.

## 3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

12. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 8-800-080-7777 немесе 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші шағымды өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады .

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

13. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар

14. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.nationalbank.kz ресми интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің www.nationalbank.kz ресми интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

"Қаржы ұйымдарының, банк,
сақтандыру холдингтерінің,
"Сақтандыру төлемдеріне
кепілдік беру қоры" акционерлік
қоғамының басшы
қызметкерлерін тағайындауға
(сайлауға) келісім беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына
қосымша
Нысан

| |
|---|
| фотосурет орны |

**Басшы қызметкер лауазымына үміткер туралы мәліметтер**

______________________________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті алушының атауы)

______________________________________________________________________________

(тегі, аты әкесінің аты (ол болған кезде))

1. Жалпы мәліметтер:

| | |
|---|---|
| Туған күні және жері | |
| Азаматтығы | |
| Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, жеке сәйкестендіру нөмірі | |

2. Білімі:

| № | Оқу орнының атауы | Түскен жылы - бітірген жылы | Мамандығы | Білімі туралы дипломның деректемелері (бар болса күні және нөмірі) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

3. Жұбайы (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інісі, апа-сіңлісі, қарындасы, балалары) және жекжаттары (жұбайының (зайыбының) ата-анасы , аға-інісі, апа-сіңлісі, қарындасы, балалары) туралы мәліметтер:

| № | Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) | Туған жылы | Туыстық қатынастары | Жұмыс орны және лауазымы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

4. Үміткердің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы немесе акцияларды иеленуі туралы мәліметтер

| № | Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері | Заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері | Жарғылық капиталға қатысу үлесі немесе үміткерге тиесілі акциялар санының заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының жалпы санына арақатынасы (пайызбен) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

5. Еңбек қызметі туралы мәліметтер.

Осы тармақта үміткердің бүкіл еңбек қызметі (сондай-ақ басқару органына мүшелігі), оның ішінде жоғарғы оқу орнын аяқтаған сәттен бастап еңбек қызметі туралы мәліметтер, көрсетілетін қызметті берушіге келісу туралы өтінішті берген көрсетілетін

қызметті алушыда лауазымын көрсете отырып, сондай-ақ үміткер еңбек қызметін жүзеге

асырмаған кезең көрсетіледі.

| № | Жұмыс кезеңі ( күні, айы, жылы) | Жұмыс орны (егер қаржы ұйымы Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылған жағдайда, қаржы ұйымының тіркелген елін көрсете отырып) | Лауазымы (егер талап етілсе, келісу күнін көрсете отырып) | Тәртіптік жазалардың болуы | Жұмыстан шығу, лауазымнан босату себептері |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

6. Үміткердің қаржы ұйымдарының аудитін жүргізуі туралы мәліметтер

____________________________________________________________________

(қаржы ұйымының атауын, аудит жүргізу мерзімін, үміткердің аудитор-орындаушы

____________________________________________________________________

ретінде аудиторлық есепке қол қойған күнін көрсету)

7. Осы ұйымның және (немесе) басқа ұйымдардың инвестициялық комитеттеріне

мүшелігі туралы мәліметтер:

| № | К е з е ң (күні, айы, жылы) | Ұйымның атауы | Лауазымы | Жұмыстан шығу, лауазымнан босату себептері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

8. Қызметі қаржылық қызметтерді көрсетумен байланысты дербес құрылымдық бөлімше (департамент, басқарма, филиал) басшысының (басшысы орынбасарының), осы ұйымда және (немесе) басқа ұйымдарда қаржылық қызметтерді көрсетумен байланысты мәселелерге жетекшілік еткен қаржы және ( немесе) басқарушы және (немесе) атқарушы директордың лауазымын атқаруы туралы мәліметтер:

| № | Кезең (күні, айы, жылы) | Ұйымның атауы | Жетекшілік жасайтын құрылымдық бөлімшелер және қаржылық қызметтерді көрсетумен байланысты мәселелер | Жұмыстан шығу, лауазымнан босату себептері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

9. Уәкілетті орган қаржы ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы оны мәжбүрлеп таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруын тоқтатуға, не қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуіне немесе оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен банкрот деп тануға әкелген шешім қабылдағанға дейін

кемінде 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде үміткердің қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының (тіркеуші, трансфер-агент атқарушы органының функциясын жеке жүзеге асыратын адам және оның орынбасары) басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, жеке тұлға - ірі қатысушысы, заңды тұлға - ірі қатысушысының (банк, сақтандыру холдингінің) басшысы болып табылғаны не болып табылмағаны туралы мәліметтер__________________
_____________________________________________________

_________________________________________________________________________
_________.

(иә (жоқ), қаржы ұйымының атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі көрсетілсін)

10. Үміткердің қатарынан төрт және одан да көп кезең бойы шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша дефолтқа жол берген не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша берешегінің сомасы купондық сыйақының төрт еселенген және (немесе) одан да көп мөлшерін құрайтын не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша дефолттың мөлшері республикалық бюджет туралы заңда төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асып түсетін соманы құрайтын дефолтқа жол берген бұрын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, ірі қатысушы (ірі акционер) - жеке тұлға, ірі қатысушы (ірі акционер) - заңды тұлға - эмитенттің басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері болып табылғаны не болып табылмағаны туралы мәліметтер (Қордың басшы қызметкері лауазымына үміткер толтырмайды)______________________________________________________________
______

_________________________________________________________________________
_________.

(иә (жоқ), ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі көрсетілсін)

11. Қаржы ұйымының, холдингтің, Қордың басшысы ретінде қаржы ұйымы, холдинг, Қор қызметінің мәселелері бойынша сотта істі қарау кезінде жауап беруші ретінде тартылды ма:_________________________________________________
_____________

_________________________________________________________________________
_________

(иә (жоқ), күні, сотта істі қарау кезіндегі ұйымның, жауап берушінің атауы, қаралатын
мәселе және сот шешімі көрсетілсін)

12. Үміткер тағайындалған (сайланған) күніне дейін 3 (үш) жыл ішінде сыбайлас жемқорлық қылмысын жасағаны үшін жауапкершілікке не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылды ма ( Қордың басшы қызметкері лауазымына үміткер толтырмайды)_______________
______________________________

___________________________________________________________________________

(иә (жоқ), жауапкершілікке тарту негіздерін көрсете отырып,

___________________________________________________________________________

құқық бұзушылықтың, қылмыстың қысқаша сипаты

___________________________________________________________________________

тәртіптік жаза қолдану туралы актінің немесе сот шешімінің деректемелері көрсетілсін).

Осы ақпаратты тексергенімді және оның толық және дәйекті болып табылатындығын растаймын, сондай-ақ іскерлік беделімнің мінсіз екендігін растаймын.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті дербес деректерді жинау мен өңдеуге және заңмен қорғалатын құпиядан тұратын, ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

___________________________________________________________________________

(үміткер өз қолымен баспа әріптерімен толтырады).

Қолы ____________________

| |
|---|
| Көрсетілетін қызметті алушының тәуелсіз директоры лауазымына үміткер толтырады: Мен,___________________________________________________________________<br>(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)<br>тәуелсіз директор лауазымына сайлау (тағайындау) үшін "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес келетінімді растаймын.<br>Қолы_____________________ |

Күні __________________________

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 24 ақпандағы
№ 37 қаулысына
6-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 71 қаулысына
9-қосымша

**"Банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және (немесе) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін жіберу:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде – 3 (үш) ай ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдау және беру бойынша қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес күн) ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды алған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды береді.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушының атына банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру туралы хат не көрсетілетін қызметті беруші Басқармасының тиісті қаулысының көшірмесімен қоса осы мемлекеттік

көрсетілетін қызмет стандартының 24 және 25-тармақтарында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жіберу.

Тұлғаға банк холдингі мәртебесін иеленуге келісім беру кезінде банктің капиталына елеулі қатысуға не еншілес банкті құруға немесе иеленуге рұқсат қоса беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті қағаз жеткізгіште алуға өтініш берген жағдайда нәтиже электрондық форматта ресімделеді, қағазға басылады және көрсетілетін қызметті беруші басшысының қолымен расталады.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ға дейін;

2) порталдікі – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін жіберу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Мемлекеттік қызмет кезек күтпестен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ұсынылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлға көрсетілетін қызметті берушіге банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) еркін нысанда жасалған өтініш;

2) банктің акцияларын сатып алуға пайдаланылатын қаржы көздері мен қаражаттың сипаттамасын қоса алғанда, растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, банктің акцияларын, оның ішінде бұрын сатып алынған акцияларын сатып алу шарттары мен тәртібі туралы мәліметтер.

Мыналар банктің акцияларын сатып алу үшін пайдаланылатын көздер болып табылады:

кәсіпкерлік, еңбек немесе басқа да ақылы қызметтен алынған кірістер;

көрсетілетін қызметті алушының құжатпен расталған ақшалай жинақтары.

Сыйға тарту, ұтыстар, банктің сатып алынатын акциялары құнының 25 ( жиырма бес) пайызынан аспайтын мөлшерде өтеусіз алынған мүлікті сатудан түскен кіріс түріндегі ақша осы тармақшаның екінші бөлігінде көрсетілген, банктің акцияларын сатып алуға арналған көздерге қосымша пайдаланылуы мүмкін.

Банктің акцияларын сыйға тарту түрінде алынған мүлік есебінен сатып алған кезде көрсетілетін қызметті алушы сыйға тартушы және сыйға тартушыда көрсетілген мүліктің пайда болу көздері туралы мәліметтерді ұсынады;

3) көрсетілетін қызметті алушының мүдделерін білдіру тапсырылатын көрсетілетін қызметті алушының өкіліне (болған кезде) берілген сенімхатты;

4) көрсетілетін қызметті алушы ірі қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалардың тізімін және олардың құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін;

5) банктің қаржылық жағдайы нашарлауы мүмкін жағдайлардағы банктің мынадай ақпарат бар қайта капиталдандыру жоспары:

қаржы ұйымының ағымдағы жай-күйін бағалау;

банктің қаржылық жай-күйінің болжамды нашарлауының және нашарлауына әсер ететін өлшемшарттардың есебі (пруденциялық нормативтердің өзгеру серпіні, қаржы ұйымының меншікті капиталы мөлшерінің өзгеруі, қаржы ұйымының қаржылық және өзге де көрсеткіштерінің өзгеруі);

қаржы ұйымын қаржылық сауықтыру жөніндегі іс-шаралардың (шығыстарды төмендету жөніндегі шаралар, қаржы ұйымының меншікті капиталын пруденциялық нормативтер және басқа да сақталуы міндетті нормалар мен лимиттер орындалатын мөлшерге дейін қалпына келтіруге бағытталған қосымша қаржылық салымдар (ақша салымының сомаларын және көздерін көрсете отырып), қосымша кірістер алу жөніндегі іс-шаралар және басқа іс-шаралар) егжей-тегжейлі сипаттамасы;

қаржы ұйымын қаржылық сауықтыру жөніндегі іс-шараларды орындаудың күнтізбелік мерзімдері;

сауықтыру іс-шараларының болжанған экономикалық әсері (пруденциялық нормативтердің өзгеру серпіні, қаржы ұйымының меншікті капиталы мөлшерінің өзгеруі, қаржы ұйымының қаржылық және өзге де көрсеткіштерінің өзгеруі);

6) білімі туралы, еңбек қызметі туралы мәліметтерді қоса алғанда, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушы туралы қысқаша деректер;

7) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтер;

8) кірістер мен мүлік бойынша растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес кірістері мен мүлкі туралы мәліметтер, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының барлық міндеттемелері бойынша орын алып отырған берешек туралы ақпарат;

9) Қазақстан Республикасының резиденті емес-жеке тұлға тұратын елдің тиісті мемлекеттік органының Қазақстан Республикасының резидент-банкінің акцияларын сатып алу осы елдің заңнамасымен рұқсат етілгендігі туралы жазбаша растауы не тиісті мемлекеттің аталған құрылтайшы мемлекетінің заңнамасы бойынша мұндай рұқсаттың талап етілмейтіндігі туралы мәлімдемесі.

10. Көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлға көрсетілетін қызметті берушіге банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) еркін нысанда жасалған өтініш;

2) көрсетілетін қызметті алушының жоғарғы органының банктің акцияларын сатып алу туралы шешімінің көшірмесі;

3) заңды тұлға акцияларының 10 (он) немесе одан көп пайызын (жарғылық капиталына қатысу үлестерін) иеленген (дербес немесе басқа тұлғалармен бірлесіп), сондай-ақ шартқа сәйкес немесе өзгеше түрде осы заңды тұлғаның шешімін айқындауға немесе бақылауға мүмкіндігі бар тұлғалар туралы мәліметтер және растау құжаттары;

4) көрсетілетін қызметті алушының үлестес тұлғаларының тізімі;

5) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер мен құжаттар;

6) көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерлерінің мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтер;

7) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес білімі туралы, еңбек қызметі туралы мәліметтерді қоса алғанда, көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерлері туралы қысқаша деректер;

8) құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелері, көрсетілетін қызметті алушының ірі қатысушылары туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының ірі қатысушыларының ірі қатысушылары туралы қысқаша деректер;

9) соңғы аяқталған екі қаржы жылының аудиторлық ұйым куәландырған жылдық қаржылық есептілігі, сондай-ақ тиісті өтінішті ұсынар алдындағы соңғы аяқталған тоқсанның қаржылық есептілігі;

10) көрсетілетін қызметті алушының және банктің мәртебені алғаннан кейінгі болжанатын есептеу балансын қоса алғанда, банктің ірі қатысушысы мәртебесін

иеленудің қаржылық салдарын талдауды, егер осындайлар бар болса, іс-шаралар жоспары мен ұйымдық құрылымын қоса алғанда, көрсетілетін қызметті алушының банктің активтерін сату, қайта ұйымдастыру немесе банктің қызметі немесе басқаруына елеулі өзгерістер енгізу жөніндегі жоспарлары мен ұсыныстары.

11. Қазақстан Республикасының резиденті емес-заңды тұлға-көрсетілетін қызметті алушы банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) еркін нысанда жасалған өтініш;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында және 10-тармағының 2), 3), 4), 6), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер мен құжаттар;

3) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 17-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тізбесін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) белгілейтін халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірі тағайындаған көрсетілетін қызметті алушының кредиттік рейтингі туралы мәліметтер.

Банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының резиденті емес-қаржы ұйымы осы тармақшада көрсетілген құжаттарға қоса көрсетілетін қызметті алушы орналасқан елдің қаржылық қадағалау органынан көрсетілетін қызметті алушының осы елдің заңнамасы шеңберінде қаржылық қызметті жүзеге асыруға уәкілетті екені туралы жазбаша растаманы не көрсетілетін қызметті алушы орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының осы елдің заңнамасы бойынша мұндай рұқсаттың талап етілмейтіні туралы мәлімдемесін ұсынады.

12. Банк холдингі мәртебесін алуға келісім алу үшін көрсетілетін қызметті алушы-Қазақстан Республикасының резиденті емес-қаржы ұйымы мынадай құжаттарды:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 11-тармағында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды;

2) көрсетілетін қызметті алушы орналасқан елдің қаржылық қадағалау органынан көрсетілетін қызметті алушының шоғырландырылған қадағалауға жататыны туралы жазбаша растаманы;

3) көрсетілетін қызметті алушы орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының көрсетілетін қызметті алушының банктік холдинг мәртебесін алуға жазбаша рұқсатын (келісімін) не тиісті мемлекеттің уәкілетті органының

көрсетілген мемлекеттің заңнамасы бойынша мұндай рұқсаттың (келісімнің) талап етілмейтіні туралы өтінішін;

4) көрсетілетін қызметті алушы шыққан елдің қаржылық қадағалау органының көрсетілетін қызметті алушы осы елдің заңнамасы аясында қаржылық қызметті жүзеге асыруға уәкілетті екендігі туралы жазбаша растауын не көрсетілетін қызметті алушы шыққан елдің қаржылық қадағалау органының осы елдің заңнамасы бойынша мұндай рұқсаттың талап етілмейтіні туралы өтінішін ұсынады.

13. Көрсетілетін қызметті алушы - жеке тұлға бірнеше қаржы ұйымының ірі қатысушы, банк холдингі мәртебесін иеленуге келісімді бірмезгілде алу үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) еркін нысанда жасалған өтініш;

2) растайтын құжаттармен қоса көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлғаға меншік құқығында тиесілі мүлік құнынан аспайтын мөлшерде қаржы ұйымының акцияларын сатып алу үшін пайдаланылатын көздер мен қаражаттың сипаттамасын қоса алғанда, тиісті қаржы ұйымының акцияларын сатып алудың шарттары мен талабы туралы мәліметтер;

3) көрсетілетін қызметті алушының мүдделерін білдіру тапсырылатын көрсететін қызметті алушының өкіліне сенімхат (болған кезде);

4) ірі қатысушы болып табылатын заңды тұлғалардың тізімі және олардың құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелері;

5) көрсетілетін қызметті алушы қаржы ұйымдарын қайта қаржыландыру жоспарына сәйкес ірі қатысушы, банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі болып табылатын және (немесе) болғысы келетін көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелері ескеріле отырып жасалған қаржы ұйымының қаржылық жағдайының нашарлауы мүмкін болған жағдайларда әрбір қаржы ұйымы бойынша қайта капиталдандыру жоспары;

6) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушы туралы қысқаша деректер;

7) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтер;

8) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес салық органдары немесе жеке тұлғаның тұратын еліндегі өзге уәкілетті тұлғалар куәландырған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтер;

9) Қазақстан Республикасының резиденті емес-жеке тұлға тұратын елдің тиісті мемлекеттік органының Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын банктің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алу осы елдің заңнамасында рұқсат етілгені туралы жазбаша растауы не тиісті мемлекеттің уәкілетті органының көрсетілген құрылтайшы

мемлекетінің заңнамасы бойынша мұндай рұқсат талап етілмейтіні туралы өтініші.

14. Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлға болып табылатын көрсетілетін қызметті алушы бірнеше қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі мәртебесін иеленуге келісімді бірмезгілде алу үшін мынадай құжаттарды:

1) еркін нысанда жасалған өтінішті;

2) тиісті қаржы ұйымының акцияларын сатып алу туралы көрсетілетін қызметті алушының жоғары органы шешімінің көшірмесін;

3) заңды тұлға акцияларының 10 (он) немесе одан көп пайызына (жарғылық капиталына қатысу үлестерін) ие (дербес немесе басқа тұлғалармен бірлесіп), сондай-ақ шарт негізінде немесе өзгеше түрде осы заңды тұлғаның шешімдерін айқындауға немесе бақылауға мүмкіндігі бар тұлғалар туралы мәліметтерді және растау құжаттарын;

4) көрсетілетін қызметті алушының үлестес тұлғаларының тізімін;

5) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағының 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды;

6) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес басшы қызметкерлер туралы қысқаша деректерді;

7) құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін, көрсетілетін қызметті алушының ірі қатысушылары туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының ірі қатысушыларының ірі қатысушылары туралы қысқаша деректерді;

8) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтерді;

9) аудиторлық ұйым куәландырған аяқталған соңғы 2 (екі) қаржы жылының жылдық қаржылық есептілігін, сондай-ақ тиісті өтініш берер алдында аяқталған соңғы тоқсанның қаржылық есептілігін;

10) көрсетілетін қызметті алушының және тиісті қаржы ұйымдарының мәртебені алғаннан кейінгі болжанатын есептеу балансын қоса алғанда, қаржы ұйымдарының ірі қатысушысы мәртебесін иеленудің қаржылық салдарын талдауды, егер осындайлар бар болса, іс-шаралар жоспары мен ұйымдық құрылымын қоса алғанда, көрсетілетін қызметті алушының тиісті қаржы ұйымдарының активтерін сату, қайта ұйымдастыру немесе тиісті қаржы ұйымдарының қызметіне немесе басқаруға елеулі өзгерістер енгізу жөніндегі жоспарлары мен ұсыныстарын ұсынады.

15. Қазақстан Республикасының резиденті емес-заңды тұлға болып табылатын көрсетілетін қызметті алушы бірнеше қаржы ұйымының ірі

қатысушысы немесе банк холдингі мәртебесін иеленуге бірмезгілде келісім алу үшін мынадай құжаттарды:

1) еркін нысанда жасалған өтінішті;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағының 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында және 14-тармағының 2), 3), 5), 6), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды;

3) банктің орналастырылған акцияларының 10 (он) немесе одан да көп пайызын тікелей иеленуші немесе ең төменгі талап етілетін рейтингі бар банктің дауыс беретін 10 (он) немесе одан да көп акцияларымен дауыс беру мүмкіндігіне немесе банктің ірі қатысушысы болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті емес-заңды тұлғасының акцияларын (қатысу үлестерін) иелену (дауыс беру) арқылы банктің орналастырылған акцияларының 10 (он) немесе одан да көп пайызын жанама иеленуді немесе банктің дауыс беретін акцияларының 10 ( он) немесе одан да көп акцияларымен жанама дауыс беруді көздейтін Қазақстан Республикасының резиденті емес-заңды тұлға үшін аталған рейтингтің болуы талап етілмеген жағдайларды қоспағанда, тізбесін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірі тағайындаған заңды тұлғаның кредиттік рейтингі туралы мәліметтерді ұсынады.

16. Қазақстан Республикасының резиденті емес-қаржы ұйымы болып табылатын көрсетілетін қызметті алушы бірнеше қаржы ұйымының ірі қатысушысы немесе банк холдингі мәртебесін иеленуге бірмезгілде келісім алу үшін мынадай құжаттарды:

1) еркін нысанда жасалған өтінішті;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 15-тармағында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды;

3) көрсетілетін қызметті алушы шыққан елдің қаржылық қадағалау органынан көрсетілетін қызметті алушының осы елдің заңнамасы шеңберінде қаржылық қызметті жүзеге асыруға уәкілетті екені туралы жазбаша растаманы не көрсетілетін қызметті алушы шыққан елдің қаржылық қадағалау органының осы елдің заңнамасы бойынша осындай рұқсаттың талап етілмейтіні туралы өтінішті ұсынады.

17. Банк холдингінің мәртебесін алғысы келетін көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10, 11, 12 және 20-тармақтарында көзделген құжаттар мен мәліметтерден басқа:

1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің бар екенін растайтын, оның ішінде еншілес ұйымның қызметіне байланысты тәуекелдерге қатысты құжаттарды;

2) егер көрсетілетін қызметі алушының банк холдингі мәртебесін иеленуі банк конгломератын қалыптастыруға алып келетін болса, банк конгломератының пруденциялық нормативтерінің болжамды есеп-қисабын ұсынады.

18. Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттарды осы құжаттардың мазмұны өзгерген не осындай құжаттардың мерзімі аяқталған жағдайларды қоспағанда, оларды көрсетілетін қызметті берушіге бұрын тапсырған тұлғалар ұсынбайды. Бұл ретте көрсетілетін қызметті берушіге өзгерістер енгізілген немесе қолдану мерзімдері аяқталған құжаттар ғана ұсынылады. Қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі және (немесе ) сақтандыру холдингі мәртебесін иелену туралы өтініште көрсетілетін қызметті берушіге бұрын тапсырылған құжаттар туралы (шығыс құжаттың нөмірі, күні) мәліметтер, сондай-ақ оларды ұсыну негіздемесі көрсетіледі.

19. Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15 және 16-тармақтарында көзделген өтініштерде:

көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер, заңды мекенжайы;

көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу ), орналасқан жері туралы мәліметтер;

қаржы ұйымының сатып алынатын акцияларының саны, олардың құны, қаржы ұйымының сатып алуға болжанатын акциялары санының тиісінше банктің орналастырылған акцияларының санына (артықшылықты және сатып алынған акциялар шегерілген) және (немесе) дауыс беретін акцияларының санына пайыздық арақатынасы туралы мәліметтер;

дербес деректерді (көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлға үшін) және ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді жинауға және өңдеуге пайдалануға келісім көрсетіледі.

Мыналар қоса берілген көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлғаның, көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлғаның басшы қызметкерінің мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтер:

құқықтық статистиканы және арнайы есепке алуды қалыптастыру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган берген алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығын растайтын құжат (көрсетілген құжатты беру күні өтінішхат берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспауға тиіс). Шетел азаматтары олардың азаматтық алған елінің тиісті мемлекеттік органы, ал азаматтығы жоқ адамдар - олардың тұрақты мекендейтін елі берген ұқсас мазмұндағы құжатты қосымша береді;

көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлғаның, көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлғаның басшы қызметкерінің мінсіз іскерлік беделі туралы

мәліметтерді растайтын, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген құжаттарды көшірмелері.

Банктің қаржылық жағдайының нашарлауы мүмкін болған жағдайларда банкті үстеме капиталдандыру жоспары көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлғаның не көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлғаның бірінші басшысының, оның ірі акционерінің (акционерлерінің) қолымен және мөрінің (бар болса) бедерімен куәландырылады.

Егер көрсетілетін қызметті алушы банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі, не басқа қаржы ұйымының ірі қатысушысы болған жағдайда, онда көрсетілетін қызметті берушіге ұсынылатын үстеме капиталдандыру жоспары осы қаржы ұйымының үстеме капиталдандыру жоспарына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелері ескеріле отырып жасалады.

20. Орналастырылған (артықшылық берілген және банк сатып алған) акциялардың 25 (жиырма бес) немесе одан көп пайызын құрайтын иелену үлесімен банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге ниет білдіретін көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлғалар, сондай-ақ банк холдингі мәртебесін иеленуге ниет білдіретін көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлғалар осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16 және 17-тармақтарында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарға қоса таяудағы 5 (бес) жылға арналған бизнес-жоспарын ұсынады, ол көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлғаның не көрсетілетін қызмет алушы-заңды тұлғаның бірінші басшысының, ірі акционерінің (акционерлерінің) қолымен және мөрінің (болған кезде) бедерімен куәландырылады. Бизнес-жоспар төмендегілермен шектелмей, мынадай ақпаратты:

қаржы ұйымының мақсаттары мен міндеттерінің сипатын және көрсетілетін қызметтер түрлерін;

қаржы ұйымының қызметіне жасалған талдауды (сыртқы және ішкі ортаны талдауды);

таяудағы 5 (бес) қаржы (операциялық) жылына қаржы ұйымы қызметінің даму стратегиясы және ауқымын;

таяудағы 5 (бес) қаржы (операциялық) жылына арналған толық жылдық қаржылық жоспарды (негізгі қаржылық көрсеткіштердің есебі, бюджет, бухгалтерлік баланс, пайда мен зиян туралы есеп, бизнес-жоспарды қаржыландыру көздері мен көлемдері);

тәуекелдерді басқару жоспарын (қаржы ұйымының қызметін жүзеге асыруға байланысты тәуекелдердің сипатын және таяудағы 5 (бес) қаржы (операциялық) жылына арналған оларды басқару тәсілдерін);

таяудағы бес қаржы (операциялық) жылына арналған еңбек ресурстарын тарту жоспарын қамтиды.

21. Егер көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлға уәкілетті органның алдын ала жазбаша келісімін алмай, сыйға тарту шарты негізінде банктің ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келген жағдайда, Банктер туралы заңның 17-1-бабының 16-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес тиісті мәртебені иелену туралы өтінішті оның беруі кезінде, мыналарды:

1) растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, банктің акцияларын сыйға тарту талаптары мен тәртібі туралы мәліметтерді;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3), 4), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көзделген құжаттарды;

3) растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған сыйға тарту шартының нысаны болып табылатын акциялардың құны туралы мәліметтерді қосымша ұсынады.

22. Тұлғаға банк холдингі мәртебесін иеленуге келісім берген кезде бірмезгілде банктің капиталына қомақты қатысуға не еншілес банкті құруға немесе иеленуге рұқсат беріледі.

23. Көрсетілетін қызметті алушы порталға өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлға:

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2), 3), 4), 5), 8) және 9) тармақшаларында ( PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде), 6) және 7) тармақшаларда (электрондық құжаттар түрінде) көрсетілген құжаттар;

3) егер көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлға уәкілетті органның алдын ала жазбаша келісімін алмай, сыйға тарту шарты негізінде банктің ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келген жағдайда, тиісті мәртебені иелену туралы өтінішті оның беруі кезінде:

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 21-тармағында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) көрсетілген құжаттар;

4) банктің ірі қатысушысы мәртебесін алуға келісім алу үшін көрсетілетін қызметті алушы-Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлға:

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағының 2), 3), 5), 6), 7), 8), 9) тармақшаларында ( PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде), 4) және 10) тармақшаларда (электрондық құжаттар түрінде) көрсетілген құжаттар;

5) орналастырылған (артықшылық берілген және банк сатып алған) акциялардың 25 (жиырма бес) немесе одан көп пайызын құрайтын иелену үлесімен банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге ниет білдіретін көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлғалар, сондай-ақ банк холдингі мәртебесін иеленуге ниет білдіретін көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлғалар осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17 және 21-тармақтарында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерге қоса бизнес-жоспарын (PDF форматындағы құжаттың электрондық көшірмесі түрінде );

6) көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлға бірнеше қаржы ұйымының ірі қатысушы, банк холдингі мәртебесін иеленуге келісімді бірмезгілде алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген, электрондық сұрау салуға қоса берілетін құжаттарды (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) ұсынады;

7) Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғасы болып табылатын көрсетілетін қызметті алушы бірнеше қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісімді бірмезгілде алу үшін мынадай:

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағының 2), 3), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде);

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағының 4) және 10) тармақшаларында ( электрондық құжаттар түрінде) көрсетілген құжаттарды ұсынады;

8) банк холдингі мәртебесін алуға ниет білдірген көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10, 11 және 12-тармақтарында көзделген құжаттар мен мәліметтерден басқа осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 17-тармағында көрсетілген, электрондық сұрау салуға қоса берілетін құжаттарды (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) ұсынады.

Жеке басты куәландыратын, алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығын растайтын құжаттардың, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

24. Мыналар:

1) көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлға не көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлғаның басшы қызметкері:

уәкілетті орган қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығындағы қызметін жүзеге асыруды тоқтатуға алып келген, қаржы ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп иелену, оны лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағанға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату не оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, ірі қатысушы – жеке тұлға, қаржы ұйымының ірі қатысушысы (сақтандыру холдингі) – заңды тұлғаның басшысы болып табылса, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады. Көрсетілген талап уәкілетті орган қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруды тоқтатуға алып келген, қаржы ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп иелену, оны лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағаннан кейін не қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін 5 (бес) жыл бойы қолданылады. Осы талап көрсетілген банктердің акцияларын Банктер туралы заңның 17-2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі не ұлттық басқарушы холдинг иеленгенге дейін тағайындалған (сайланған) басшы қызметкерлерді қоспағанда, дауыс беретін акцияларының 50 (елу) және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке тікелей немесе жанама түрде тиесілі, өздеріне қатысты Банктер туралы заңға сәйкес қайта құрылымдау жүзеге асырылған банктердің басшы қызметкерлеріне қолданылмайды;

осы және (немесе) өзге де қаржы ұйымында басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) берілген келісім кері қайтарып алынған адам банктің басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды. Көрсетілген талап уәкілетті орган басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімін кері қайтарып алу туралы шешімді қабылдағаннан кейін қатарынан соңғы 12 (он екі) ай ішінде қолданылады. Сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған не тағайындалған (сайланған) күнге дейін 3 (үш) жыл бойы сыбайлас жемқорлықты жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған адам да көрсетілетін қызметті алушының (лицензиаттың) басшы қызметкері болып тағайындалмайды (сайланбайды);

қатарынан 4 (төрт) және одан да көп кезең бойы шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша дефолтқа жол берген не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша берешегінің сомасы купондық сыйақының төрт еселенген және ( немесе) одан да көп мөлшерін құрайтын не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша дефолттың мөлшері

республикалық бюджет туралы заңда төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асып түсетін соманы құрайтын дефолтқа жол берген бұрын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, ірі қатысушы (ірі акционер) – жеке тұлға, ірі қатысушы (ірі акционер) – заңды тұлға-эмитенттің басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері болған адам банктің басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды. Көрсетілген талап осы абзацта көзделген мән-жайлар туындаған кезден бастап 5 (бес) жыл бойы қолданылады;

2) көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жағдайының тұрақсыздығы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Мына талаптардың бірінің болуы көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлғаның қаржылық жай-күйі тұрақсыздығының белгісі болып табылады:

көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлға өтініш берген күнге дейін кемінде 2 (екі) жыл бұрын құрылған;

көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелері акцияларға орналастырылған активтер сомасын және басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесін шегергенде оның активтерінен және банктің иеленуге болжанатын акцияларынан асып кетеді;

аяқталған әрбір 2 (екі) қаржы жылының нәтижелері бойынша зиян;

өтініш беруші міндеттемелерінің мөлшері банктің қаржылық жай-күйі үшін айтарлықтай тәуекел туындатады;

көрсетілетін қызметті алушының банк алдында мерзімі өткен және (немесе) банк балансына жатқызылған берешегінің болуы;

көрсетілетін қызметті алушының банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуінің қаржылық салдарына жасалған талдау көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауын болжайды;

банкке және (немесе) оның депозиторларына шығын келтіруі мүмкін екендігін білдіретін өзге негіздер;

3) көрсетілетін қызметті алушы банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуі нәтижесінде Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнама талаптарының бұзылуы;

4) банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иелену бойынша мәміледе иеленуші тарап тізбесін уәкілетті орган белгілейтін, оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлға (оның ірі қатысушысы (ірі акционері) болып табылатын жағдайлар;

5) көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген банктің және банк холдингінің ірі қатысушыларына қойылатын өзге де талаптарды сақтамауы;

6) көрсетілетін қызметті алушының банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуінің қаржылық салдарына жасалған талдау банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауын болжаса;

7) Қазақстан Республикасының резиденті емес-қаржы ұйымы-көрсетілетін қызметті алушыда шыққан елінің заңнамасы шеңберінде қаржылық қызметті жүзеге асыру өкілеттіктерінің болмауы;

8) банктің орналастырылған акцияларының 10 (он) немесе одан да көп пайызын тікелей иеленуші немесе ең төменгі талап етілетін рейтингі бар банктің дауыс беретін 10 (он) немесе одан да көп акцияларымен дауыс беру мүмкіндігіне немесе банктің ірі қатысушысы болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті емес-заңды тұлғасының акцияларын (қатысу үлестерін) иелену (дауыс беру) арқылы банктің орналастырылған акцияларының 10 (он) немесе одан да көп пайызын жанама иеленуді немесе банктің дауыс беретін акцияларының 10 ( он) немесе одан да көп акцияларымен жанама дауыс беруді көздейтін Қазақстан Республикасының резиденті емес-заңды тұлға үшін аталған рейтингтің болуы талап етілмеген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының резиденті емес-заңды тұлға-көрсетілетін қызметті алушыда тізбесін уәкілетті орган айқындайтын халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірінің ең төменгі қажет етілетін рейтингінің болмауы;

9) банктің қаржылық жай-күйі ықтимал нашарлаған жағдайда банкті қайта капиталдандырудың ұсынылған жоспарының тиімсіз болуы;

10) көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлғада, көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлғаның басшы қызметкерінде мінсіз іскерлік беделдің болмауы;

11) көрсетілетін қызметті алушы бұрын уәкілетті орган қаржы ұйымын консервациялау туралы, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде ірі қатысушы - жеке тұлға не ірі қатысушы - заңды тұлғаның бірінші басшысы және (немесе) қаржы ұйымының басшы қызметкері болып табылған не болып табылатын жағдайлар. Көрсетілген талап уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын консервациялау, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жыл бойы қолданылады;

12) көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлға орналасқан елдің қаржы ұйымдарын шоғырландырылған қадағалау саласындағы заңнаманың Қазақстан

Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген шоғырландырылған қадағалау жөніндегі талаптарға сәйкес келмеуі;

13) Қазақстан Республикасының резиденті емес-қаржы ұйымдары болып табылатын, ірі қатысушы-заңды тұлғалар және банк холдингтері бойынша – уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган мен көрсетілетін қызметті алушы резидент болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органдары арасында ақпарат алмасуды көздейтін келісімнің болмауы мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тартуға негіз болып табылады.

25. Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 24-тармағында көзделген негіздерден басқа, банк холдингі мәртебесін иеленуге келісім беруден бас тартуға мыналар негіздер болып табылады:

1) көрсетілетін қызметті алушы-қаржы ұйымы өзі орналасқан елде шоғырландырылған негізде қадағалауға жатпайтын жағдайлар;

2) Қазақстан Республикасының резиденттері емес-банк конгломератының қатысушылары орналасқан елдердің заңнамасы олардың және банк конгломератының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген талаптарды орындауына мүмкіндік бермейтініне байланысты банк конгломератына шоғырландырылған қадағалауды жүргізу мүмкіндігінің болмауы.

## 3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

26. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 28-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Мыналардың:

1) жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, сондай-ақ қалауына қарай әкесінің аты (ол болған кезде), пошталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете

отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 8-800-080-7777 немесе 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинеттен" шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші шағымды өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады .

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

27. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар

28. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.nationalbank.kz ресми интернет-ресурсында " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

29. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығынан алуға мүмкіндігі бар.

30. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің www.nationalbank.kz ресми интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

"Банктің немесе банк
холдингінің ірі
қатысушысы мәртебесін
иеленуге келісім беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша

Нысан

## Көрсетілетін қызметті алушы - жеке тұлға, көрсетілетін қызметті алушы - заңды тұлғаның басшы қызметкері туралы қысқаша деректер

____________________________________________________________________________________

(банктің атауы)

1. Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі _________

2. Азаматтығы ___________________________________________________________

3. Атауы және жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері____________

